

№22 «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Қамқоршылық кеңесі отырысының
№4 хаттамасы

Өткізілген күні: 12.03.2025ж

Қатысқандар: балабақша басшысы, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері.

Күн тәртібі:

1. Жарыстарға қатысқан тәрбиеленушілердің жетістіктерін бағалау, демеушілік көрсету
2. Балабақша аймағын абаттандыру, жұмысын жоспарлау

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның қамқоршылық кеңес төрағасы сөз алды.


2024 – 2025 оқу жылында балабақшаның дарынды бүлдіршіндеріне қалалық, облыстық, Республикалық, Халықаралық байқауларға қатысуға жан-жақты, көмек көрсету жұмыстары жүргізілді. Байқауларға қатысқан бүлдіршіндердің жетістіктерін бағалап, демеушілік көрсетіп, балаларға үлкен сахналардан көрінуге үлестерін қосуға ұсыныс тасталды. Кеңес төрағасының бұл ұсынысымен толықтай келісіп, ұсынысын қолдады.

2. Екінші мәселе бойынша, кеңес төрағасы қамқоршылық кеңестің 2024-2025 оқу жылында жүргізілген жұмыстарына тоқталды. Сонымен қатар, балабақша ауласына көгалдандыру жұмыстары, ағаш көшеттерін отырғызу, әктеу, ойын алаңдарына жөндеу жұмыстарын жүргізу, яғни балабақша ауласын абаттандыру жұмыстары жоспарланды. Күн жылынған соң абаттандыру жұмыстарын жүргізуге ат салысуға барлығы толықтай келісімін берді.

Күн тәртібіндегі мәселені тындай келе жиналыс қаулы етеді:

1. Қамқоршылық кеңес жұмыстарына басшылық жасау Қамқоршылық кеңес төрағасына міндеттелсін.
2. Қамқоршылық кеңесінің ережесі басшылыққа алынып, жоспарланған абаттандыру жұмыстары жүзеге асырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Мұрат Жұлдыз Аманбекқызы

Хатшы:  Нурсултанова Агила Батыкановна

